QORDAI

# КОРДАЙСКИЙ МАЯК

ҚОРДАЙ ШАМШЫРАҒЫ

Издается с октября 1932 года

РАЙОННАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

СУББОТА 18 ИЮЛЯ 2026 ГОДА №56 (3533)

СОБЫТИЯ

## Касым-Жомарт Токаев встретился с руководителями высокотехнологичных компаний Китая



**На встрече с представителями бизнес-сообщества КНР, прошедшей в формате «круглого стола», Президент выразил искреннюю благодарность китайским партнерам и высоко оценил вечное всестороннее стратегическое партнерство между Казахстаном и Китаем.**

*– Наши двусторонние связи поднялись на беспрецедентный уровень. Мы вместе вступили в новое «золотое тридцатилетие» казахско-китайских отношений. Есть все основания утверждать, что взаимодействие наших стран вышло на совершенно новый качественный уровень. Наши народы объединяют взаимное доверие, искренняя дружба и общность взглядов на будущее. Пользуясь случаем, хотел бы выразить глубокую благодарность моему дорогому другу Председателю Китайской Народной Республики г-ну Си Цзиньпину за его личный вклад в укрепление стратегического партнерства между нашими странами,* – сказал Касым-Жомарт Токаев.

По словам Главы государства, высокий уровень политического доверия создает прочную основу для дальнейшего расширения торгово-экономического и инвестиционного сотрудничества.

akorda.kz

РЕГИОН



## УСИЛЕНЫ МЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ

### В регионе создадут 27 новых пожарных постов

**На аппаратном совещании под председательством акима области Ербола Карашукеева рассмотрены вопросы создания пожарных постов в рамках программы «Ауыл құтқарушылары», а также прохождения пожароопасного сезона на территории государственного лесного фонда.**

Как сообщил заместитель начальника департамента по чрезвычайным ситуациям Ералы Акылбеков, в настоящее время пожарную безопасность в регионе обеспечивают 21 подразделение ДЧС и 24 пожарных поста местных исполнительных органов.

На сегодняшний день в 75 населенных пунктах области отсутствует противопожарная защита. В связи с этим, при поддержке Главы государства Касым-Жомарта Токаева, реализуется программа Министерства по чрезвычайным ситуациям «Ауыл құтқарушылары». В рамках программы в прошлом году в регионе открыты пять новых пожарных постов.

Согласно плану текущего года, в области будет создано еще 27 пожарных постов, из которых 23 будут построены, а четыре действующих - модернизированы.

По словам докладчика, в целях разъяснения населению требований пожарной безопасности на постоянной основе проводится профилактическая работа через средства массовой информации и социальные сети.

С начала пожароопасного периода 16 мобильных групп в составе 82 человек провели 346 рейдов. По их итогам к административной ответственности за нарушение требований пожарной безопасности привлечены 305 граждан, общая сумма наложенных штрафов составила два миллиона 365 тысяч тенге.

О подготовке к пожароопасному сезону на территории государственного лесного фонда доложил руководитель управления природных ресурсов и регулирования природопользования Нартай Егембердиев.

По его словам, общая площадь государственного лесного фонда Жамбылской области составляет четыре миллиона 416 тысяч гектаров, из которых два миллиона 296 тысяч гектаров, или 52,3 процента, покрыты лесом. Лесной фонд занимает 30,8 процента территории области.

→ 2

ИНФРАСТРУКТУРА

## Главная цель – улучшение качества жизни граждан

### ПРОДОЛЖАЕТСЯ ВОЗВЕДЕНИЕ СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫХ ОБЪЕКТОВ

**Развитие современной инфраструктуры остается одним из ключевых направлений социально-экономического роста Кордайского района. В текущем году здесь реализуется масштабная программа строительства и обновления объектов, которая включает развитие водоснабжения, орошения, социальной сферы, спорта и дорожной сети.**

В Кордайском районе продолжается системная работа по развитию социальной и инженерной инфраструктуры. В 2026 году в регионе реализуются 16 крупных строительных проектов. На сегодняшний день восемь объектов уже завершены, еще пять планируется ввести в эксплуатацию до конца года. Три проекта являются переходящими и будут завершены в следующем году.

→ 2



## ПРОДАЕТСЯ

### Недвижимость

Большой уютный кирпичный дом в с.Кордай. Подлежит ипотечному кредитованию. Участок 11 соток, дом - 120 кв.м, все условия для комфортной жизни, скважина, крытый двор, гараж, кладовая с погребом, летняя кухня, сеновал, фруктовые деревья. Рядом СШ им.Ломоносова, СШ им. Абая, детские сады, колледж «Береке», 26 млн. тг. окончательно. Тел.: +77711592538 Ханипа.

Дом, ул.Байдибек баба, 89. Вся домашняя утварь. Тел.: +77783099389, 4-75-73 звонить вечером, после 18.00.

Дом, летняя кухня, баня, участок 40 соток. Сарай на 400-500 овец. Откорм 50 крс. Пастбища - 70 га. Сенокосная - 6 га. с.Шарбакты, тел.: 87019647270.

5-комнатный кирпичный дом, участок 15 соток, со всеми условиями. Имеются летняя кухня, баня, навесы, сеновал, сарай. Удобен для ведения хозяйства (КРС и МРС). Большой огород, скважина, трехфазное электроснабжение. Цена 40 млн тг. Адрес: ул. Жибек жолы, 494, кв. 2. Тел.: 87785425773, 87066744901.

2-комнатная квартира на земле, в центре, со всеми условиями, интернет, отличное расположение, рядом детский сад «Куаныш», зеленый парк. Тел.: 87057375037, 87011015088.

Продаю или сдаю 4-комнатный дом с условиями, ул.Пушкина, 39. Тел.: 87017291041.

2-комнатная квартира на 2-м этаже коттеджа, с ремонтом. Цена: 4.5 млн тенге, торг уместен. Адрес: с.Кордай, ул.Акбулин, 25/6. Тел.: +77751471783, +77029452409 (WhatsApp).

Дом в с.Кордай, «Красный Партизан». Участок 6 соток, 150 кв.м., 3 спальни, 2 зала, 1 холл-кухня, санузел, полная коммуникация, хозпостройки (зимние и летние). Адрес: пер.Абая, 15. Тел.: +77027519605.

Срочно! 2 дома на одном участке, со всеми условиями, баня, хозпостройки, сад. Адрес: с.Кордай, ул.40 лет Победы, 258. Тел.: +77023990812.

Срочно! Дом, недорого, хозпостройки, баня, Цемзавод. Тел.: +77053808310, +77754380171.

### Разное

Стройматериалы с доставкой на а/м «ГАЗ-53»: гравий, глина, отсев, щебень, песок мытый Шуский, с.Кордай, ул.Елимай, 4, ул.Пушкина, 96. Тел.: 4-64-25, 87017323710, 87013773983 (WhatsApp).

**ПРОДАЮ**
**КИСЛОРОДНЫЕ ГАЗ БАЛЛОНЫ, ПЕЧЬ ДЛЯ БАНИ ИЗ НЕРЖАВЕЙКИ.**
**ТЕЛ.: 87752947122**

Продаем холодильники, морозильные камеры, лари, пылесосы, водонагреватели, стиральные машины, с.Кордай, ул.Шу, 38. Тел.: 87756443019, 0555554179.

## ПАМЯТЬ

17 июля ветерану Великой Отечественной войны, нашему дорогому отцу и любимому дедушке **ТОЙГУЛОВУ АБАЮ АБДРАСИЛОВИЧУ** исполнилось бы 100 лет. Жизненный путь нашего отца — это пример мужества, стойкости и беззаветного служения Родине. С каждым годом мы все глубже осознаем ценность его подвига, добрых дел и жизненной мудрости. Светлая память о нем навсегда сохранится в наших сердцах, а его имя и достойный жизненный путь будут жить в памяти благодарных потомков.



*Учил нас быть сильнее, не сдаваться,*
*И видеть лишь хорошее во всем.*
*Чтоб ни случилось, жить и улыбаться,*
*И верить: вместе все переживем.*

*Тебя уж нет, а мы не верим,*
*В душе у нас ты навсегда.*
*И боль свою от той потери*
*Не залечить нам никогда.*

**Помним, любим:**
**сын Сакен, невестка Сауле,**
**внуки Диас и Арнур.**

## ТОРТКЕН КЕНЕНКЫЗЫ



На 90-м году ушла из жизни известный педагог, деятель культуры, отличник народного просвещения и ветеран труда **ТОРТКЕН КЕНЕНКЫЗЫ**.

Многие годы она посвятила развитию образования, воспитанию подрастающего поколения и сохранению национальных духовных ценностей. Преподавая казахский язык и литературу, Торткен Кененкызы прививала своим ученикам любовь к родному слову, уважение к истории, культуре и традициям своего народа.

Особое место в ее жизни занимало сохранение творческого наследия легендарного народного акына, певца и композитора Кенена Азербаева, дочерью которого она являлась. Благодаря ее многолетнему и кропотливому труду были собраны, исследованы и сохранены для будущих поколений песни, стихи и другие произведения великого мастера.

Торткен Кененкызы оставила яркий след в истории отечественного образования и культуры. Ее высокий профессионализм, беззаветная преданность своему делу, многолетняя просветительская деятельность и вклад в сохранение национального наследия навсегда останутся в памяти учеников, коллег и всех, кто ее знал. Светлая память о ней будет жить в сердцах соотечественников.

**Аппарат акима Кордайского района, аппарат Кордайского районного маслихата, совет ветеранов, общественный совет, коллектив газеты «Қордай шамшырағы - Кордайский маяк»**

Цыплята бройлера, домашние, спец.корм всех видов, поилки, кормушки, с.Кордай, ул.Байдибек баба, 221. Тел.: +77029747932 Ольга.

Цыплята бройлера, суточные, качество и бесплатная доставка. Тел.: 87754872177.

## КУПЛЮ

В хорошем состоянии неработающий холодильник и морозильный ларь. Тел.: 87476814551.

## СДАЕТСЯ

Квартира в с.Красный Партизан, тел.: 87017707156.

## УСЛУГИ

Ремонт швейного оборудования, ЖК телевизоров, инвенторных сварок, микроволновок, духовок, прочий ремонт, с.Кордай, ул.Байдибек баба, 102. Тел.: 4-75-74, 87783345614 Федор.

Евроремонт: быстро, качественно, недорого. Тел.: 87771028823.

Забиваем и откачиваем колонки. Тел.: 87023334948, +77766676067.

Алмазное сверление. Отверстие в фундаменте под канализацию, отдушины, вентиляцию. Проводим отопление, водопровод и сантехнику. Тел.: +77785269004, +77774061244 (WhatsApp) Сергей.

Забиваем трубы под колонки. Быстро и качественно. Тел.: +77785066830, +77756701157.

Универсальный мастер. Строительство и ремонт от А до Я: дома, бани, заборы, сараи и т. д. Косметический, евро- ремонт, капитальный ремонт. Белим, красим. Все бетонные работы. Копка и строительство септиков, туалетов, траншей. Копка и чистка огородов. Тел.: 87715914813.

## УТЕРЯ

Утерянное специальное разовое разрешение по Российской Федерации №0296443, выданное 08.05.2026г. инспекцией транспортного контроля по Жамбылской области, зарегистрированное на ИП «Индира» (на а/м с гос.номером 378ВНХ02) прошу вернуть за вознаграждение. Тел.: 87024973327.

## РАЗНОЕ

Открылось наследство после смерти Момбековой Жайлаукуль Сериковны, умершей 13 июля 2022 года. Наследников просим обратиться к нотариусу М.Р.Бестерековой по адресу: с.Кордай, ул.Жибек жолы, 256.

Открылось наследство после смерти Нурилова Белдебая Сломбаевича, умершего 14 марта 2026 года. Наследников просим обратиться к нотариусу М.Р.Бестерековой по адресу: с.Кордай, ул.Жибек жолы, 256.

Открылось наследство после смерти Сарасова Владислава Владимировича, умершего 24 июня 2026 года. Наследников просим обратиться к нотариусу Б.Р.Тусуповой по адресу: с.Кордай, ул.Жибек жолы, 185/1.

Открылось наследство после смерти Коледина Виктора Ивановича, умершего 13 декабря 2025 года. Наследников просим обратиться к нотариусу Б.Р.Тусуповой по адресу: с.Кордай, ул.Жибек жолы, 185/1.

Открылось наследство после смерти Орналина Бакбергена, умершего 19 января 2026 года. Наследников просим обратиться к нотариусу Б.Р.Тусуповой по адресу: с.Кордай, ул.Жибек жолы, 185/1.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ТОО «Спецпоставка Абсолют» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к «Плану разведки редких, цветных и драгоценных металлов в пределах Кордайской площади в Жамбылской области РК на оснований Контракта №5761 ТПИ».**

**Дата, время, адрес и место проведения слушаний:** 27 августа 2026 г. в 10:00 ч. в здании медпункта с.Музбел, в Кордайском районе Жамбылской области. Онлайн подключение в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=984807369888 . Идентификатор: 984-807-369-88.

**Документация по проекту размещена на** Едином экологическом портале https://hearings.ndbecology.gov.kz и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области». Представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта, высказать свои замечания и предложения, задать вопросы в электронной форме на https://hearings.ndbecology.gov.kz или по e-mail: - s.agabek@zhambyl.gov.kz , в бумажной форме по адресу: Жамбылская область, г.Тараз, ул. Абая 133 «А», 8-7262-451503. Государственный орган по проведению государственной экологической экспертизы — Департамент экологии по Жамбылской области.

**Инициатор намечаемой деятельности** – ТОО «Спецпоставка Абсолют», БИН 051140009543, РК, г. Алматы, ул. Жарокова д.314 «А», тел 8-771-765-6299.

**Разработчик проекта** – ТОО «Два Кей», БИН 031240001366. 050060, г. Алматы, ул. Жарокова д.314 «А» Тел: 8 (727) 339-36-01, info@2k.kz.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ТОО «Спецпоставка Абсолют» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Нормативным документам для разрешения на эмиссии к «Плану разведки редких, цветных и драгоценных металлов в пределах Кордайской площади в Жамбылской области РК на оснований Контракта №5761 ТПИ».**

**Дата, время, адрес и место проведения слушаний:** 27 августа 2026 г. в 11:00 ч. в здании медпункта с.Музбел, в Кордайском районе Жамбылской области. Онлайн подключение в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=999315105748 . Идентификатор: 999-315-105-748.

**Документация по проекту размещена на** Едином экологическом портале https://hearings.ndbecology.gov.kz и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области». Представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта, высказать свои замечания и предложения, задать вопросы в электронной форме на https://hearings.ndbecology.gov.kz или по e-mail: - s.agabek@zhambyl.gov.kz , в бумажной форме по адресу: Жамбылская область, г.Тараз, ул. Абая 133 «А», 8-7262-451503. Государственный орган по проведению государственной экологической экспертизы — Департамент экологии по Жамбылской области.

**Инициатор намечаемой деятельности** – ТОО «Спецпоставка Абсолют», БИН 051140009543, РК, г. Алматы, ул. Жарокова д.314 «А», тел 8-771-765-6299.

**Разработчик проекта** – ТОО «Два Кей», БИН 031240001366. 050060, г. Алматы, ул. Жарокова д.314 «А» Тел: 8 (727) 339-36-01, info@2k.kz.

# ПОЖАРООПАСНЫЙ ПЕРИОД

ОЧС ПРЕДУПРЕЖДАЕТ!

**Когда наступает теплая погода, начинается пожароопасный период.** Чаще всего это связано с деятельностью человека: незаконное сжигание сухой травы, сжигание стерни на полях, сжигание мусора и травы при уборке садовых участков. Кроме того, во время массовых выездов на природу люди не соблюдают правила пожарной безопасности.

**Большинство пожаров в этот период происходят из-за неосторожного обращения с огнем граждан и игр детей.** Отсутствие надлежащего контроля за детьми и халатность взрослых – именно эти факторы приводят к серьезным ошибкам. Всем известно, что пожары представляют большую угрозу для жизни людей и наносят огромные материальные убытки. Пожар, начавшийся с сухой травы, может угрожать близлежащим зданиям, транспортным средствам и жилью.

**Чтобы защититься от пожара и не подвергать опасности жизни людей, необходимо строго соблюдать ряд простых правил:**

-заблаговременно очистить прилегающую к жилому дому и садовому участку территорию от сухой травы и мусора;

-не допускать свалок мусора на территории жилых строений, а также вблизи лесных массивов;

-не сжигать мусор вблизи жилых домов, на дачных участках и в лесных массивах;

-в пожароопасный период воздержаться от выездов в лес, не разжигать костры и не использовать открытый огонь, не бросать окурки.

**ОЧС Кордайского района**

QORDAI
# ҚОРДАЙ ШАМШЫРАҒЫ
КОРДАЙСКИЙ МАЯК
1932 жылдың қазан айынан бастап шығады
АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
СЕНБІ 18 ШІЛДЕ 2026 ЖЫЛ №56 (3533)

ПРЕЗИДЕНТ

## ШАНХАЙҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Шанхайға жұмыс сапарымен барды Ертең Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізеді. Бұдан бөлек, қытай компанияларының жетекшілерімен дөңгелек үстел өтеді. 17 шілде күні Президент Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясына (WAIC) қатысады. Жиын «Жарқын болашақ үшін жасанды интеллект саласындағы серіктестік» тақырыбына арналып отыр.**

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайдың жетекші компаниялары басшыларымен кездесті. ҚХР бизнес өкілдерімен «дөңгелек үстел» форматында өткен кездесуде Президент қытайлық серіктестерге шынайы ризашылығын білдіріп, Қазақстан мен Қытай арасындағы мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық әріптестікке жоғары баға берді.

***– Екіжақты байланыстарымыз бұрынсоңды болмаған деңгейге көтерілді. Біз Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының жаңа «алтын отыз жылдығына» бірге қадам бастық. Елдеріміздің ықпалдастығы мүлде жаңа сапалық деңгейге шықты деп айтуға болады. Халықтарымыздың арасында өзара сенім, шынайы достық және болашаққа деген ортақ ұстаным бар. Орайлы сәтті пайдалана отырып, елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға өлшеусіз үлес қосқаны үшін қадірлі досым, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин мырзаға зор алғыс айтқым келеді,*** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қытай Қазақстан экономикасына 30 миллиард доллардан астам инвестиция салды» Мемлекет басшысының айтуынша, жоғары деңгейдегі саяси сенім сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге берік негіз қалайды.

***– Былтыр екіжақты сауда көлемі 49 миллиард долларға жетті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қытай Қазақстан экономикасына 30 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Қазір Қазақстанда қытай капиталы бар 8500-ден астам кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде CNPC, CITIC және Huawei сияқты ірі компанияларды атап өту қажет. Біз Қытай бизнес өкілдерінің Қазақстан экономикасын жаңғыртуға сүбелі үлес қосып жатқанын жоғары бағалаймыз. Өткен жылдары елдеріміз көптеген маңызды жобаны бірге табысты жүзеге асырды. Соның нәтижесінде жұмыс орындарын аштық, озық технологияларды енгіздік және өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығымызды нығайта түстік. Бүгін де жаңа стратегиялық жобаларды бірлесе іске асырып жатырмыз. Атап айтқанда, Sinopec компаниясымен ірі газ-химия кешені, Fufeng Group компаниясымен жүгерінi терең өңдеу зауыты, Lihua Group компаниясымен заманауи мақта-тоқыма кластері құрылысын қолға алдық. Қытайдың автокөлік кәсіпорындары Қазақстанда өндіріс орындарын аша бастады. Мысалы, елімізде HOWO, Yutong және JAC брендтері шығарылады. Былтыр Changan, Great Wall Motor, сондай-ақ Chery мультибрендті автомобиль өндірісі іске қосылды. Бұл жобалар біздің екіжақты әріптестігіміз инновацияға, озық технология мен өнеркәсіпті жаңғырту ісіне негізделіп отырғанын көрсетеді,*** – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық ғылым мен инновация орталықтарының бірі саналатын Шанхай қаласындағы Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясы қарсаңында бас қосудың символдық мәні зор екенін айтты Сонымен қатар қатысушыларға Қазақстанның цифрлық трансформацияның басымдықтарын таныстырып, технологиялық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына тоқталды. Президенттің айтуынша, Қазақстан жасанды интеллектіні болашақ экономикалық өсімнің басты факторларының бірі ретінде қарастырады, сондай-ақ халықаралық инвесторларды тарту үшін заманауи цифрлық инфрақұрылым жасақтауда.

***– Екібастұз қаласындағы Data Center Valley жобасына ерекше тоқталғым келеді. Бұл – еліміздің бірегей стратегиялық бастамасы. Аталған жоба Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия цифрлық инфрақұрылымының негізгі тірегі болады деп санаймыз. Басты мақсат – деректерді өңдеу орталықтарын, бұлтты сервистерді және жасанды интеллект инфрақұрылымын дамытуға арналған халықаралық деңгейдегі платформа қалыптастыру. Инвесторларға толық жабдықталған аландар, заманауи инфрақұрылым ұсынылады. Олар тұрақты электр қуатын пайдаланып, арнайы инвестициялық режим аясында жұмыс істей алады. Алайда, осы бағыттағы ауқымды шаруа деректерді өңдеу орталықтарын салумен шектелмейді. Біз біртұтас инновациялық экожүйе қалыптастыруды көздеп отырмыз. Сол арқылы суперкомпьютердің қуаты, жасанды интеллект зертханалары, ғылыми-зерттеу ұйымдары, білім беру бағдарламалары, стартаптар мен экспортқа бағытталған цифрлық қызметтер бір арнаға тоғысады. Біз қытайлық серіктестерімізбен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайта түсуге мүдделіміз,*** – деді Мемлекет басшысы.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## КЕЛЕР ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙ ШЫҒУ ҮШІН

**«Қыстың қамын жаз ойла» деген халық даналығының мәні Қордай өңірінде бүгінде айқын сезілуде. Биылғы көктемде жауған мол жауын-шашын жердің ырысын арттырып, шабындықтардың бітік шығуына қолайлы жағдай қалыптастырды. Белуардан келетін көк майса алқаптарда қазір қызу еңбек қайнап жатыр. Таң бозынан кеш батқанға дейін шөп шапқыш тіркеген тракторлар тоқтаусыз жұмыс істесе, жүк көліктері дайындалған престелген шөпті тасымалдап, маялауға жеткізуде.**



Қордайдағы өткен қыс табиғаттың тосын мінезін анық көрсетті. Қалың қар мен ақтүтек боран салдарынан жолдар жабылып, төтенше жағдай жарияланғаны әлі ел жадында. Осындай қиындықтар қысқа ерте қамданудың маңызын тағы бір мәрте дәлелдеді. Сондықтан аудан шаруалары биылғы мал азығын молынан дайындауға бар күш-жігерін жұмылдыруда.

Өткен жылы аудан бойынша 267,5 мың тонна шөп, 15 мың тонна пішендеме және 17 мың тонна сүрлем дайындалған болатын. Бұл қор малды қыстан қысылмай алып шығуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар көктемгі төл алу науқанына қажетті азық қоры да алдын ала жасақталып, 314,2 мың тонна шөп пен 58 мың тонна құнарлы жем дайындалған еді.

Биыл табиғаттың қолайлы болуы шаруаларға зор мүмкіндік беріп отыр. Мал азығын дайындау жоспары өткен жылғы көрсеткіштен кем болмай, керісінше одан асыра орындалады деген сенім мол. Себебі көктемгі жауын-шашынның мол түсуі шөптің бітік шығуына ерекше әсер етті.

Аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметіне сәйкес, биыл Қордай ауданында 27 726 гектар алқапта мал азығы дайындалады. Оның ішінде 23



840 гектар көпжылдық шөп, 9 038 гектар табиғи шабындық және 400 гектар сүрлемдік дақыл алқабы бар. Осынша көлемдегі жерден шөпті дер кезінде шауып, престеп, тасымалдап, маялау – үлкен жауапкершілік пен қомақты техникалық мүмкіндікті талап етеді.

Қазіргі таңда аудандағы шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы құрылымдары техникаларын толық әзірлеп, науқанды ұйымшылдықпен жүргізіп жатыр. Әрбір ашық күнді тиімді пайдалануға тырысқан еңбеккерлер уақытпен санаспай жұмыс істеуде. Себебі шөп жинау аяқталған соң алда дәнді және азықтық дақылдарды жинау науқаны басталады.

Қордайлық шаруалар үшін мол өнім – қысқы қауіпсіздіктің кепілі. Сондықтан әр бума шөп, әр мая мал азығы ертеңгі күннің берекесі ретінде бағалануда.

# ХАБАРЛАМА

**«Спецпоставка Абсолют» ЖШС «ҚР Жамбыл облысындағы Қордай учаскесінде сирек, түсті және бағалы металдарды барлау жоспары (ҚПҚ арналған №5761 келісімшартқа сәйкес)» жобасының «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.**

Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты, мекен-жайы: 2026 жылғы 27 тамыз күні сағат 10:00-де Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Мұзбел ауылының медициналық бекет ғимаратында өткізіледі. Тыңдауға онлайн қосылу үшін: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=984807369888. Идентификатор: 984-807-369-888.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-ң https://hearings.ndbecology.gov.kz , сондай-ақ ЖАО Жамбыл облысының ТРжТПРБ сайтында танысуға болады.

Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын және сұрақтарын электронды портал арқылы https://hearings.ndbecology.gov.kz немесе s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық поштасы арқылы бере алады, ал қағаз түрінде келесі мекенжайы бойынша бере алады: Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш., 133 «А» үй, тел. 8-7262-45-15-03. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізетін мемлекеттік мекеме - Жамбыл облысы бойынша экология департаменті.

Көзделіп отырған қызметтің бастамасышы – «Спецпоставка Абсолют» ЖШС, ЖСН 051140009543, ҚР, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, тел +7-771-765-6299.

Жоба әзірлеуші: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

# ХАБАРЛАМА

**«Спецпоставка Абсолют» ЖШС «ҚР Жамбыл облысындағы Қордай учаскесінде сирек, түсті және бағалы металдарды барлау жоспары (ҚПҚ арналған №5761 келісімшартқа сәйкес)» Шығарындыларға рұқсат беру туралы нормативтік құжаттар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.**

Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты, мекен-жайы: 2026 жылғы 27 тамыз күні сағат 11:00-де Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Мұзбел ауылының медициналық бекет ғимаратында өткізіледі. Тыңдауға Онлайн қосылу үшін: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=999315105748. Идентификатор: 999-315-105-748.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-ң https://hearings.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ ЖАО Жамбыл облысының ТРжТПРБ сайтында танысуға болады. Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын және сұрақтарын электронды портал арқылы https://hearings.ndbecology.gov.kz немесе s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық поштасы арқылы бере алады, ал қағаз түрінде келесі мекенжайы бойынша бере алады: Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш., 133 «А» үй, тел. 8-7262-45-15-03. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізетін мемлекеттік мекеме - Жамбыл облысы бойынша экология департаменті.

Көзделіп отырған қызметтің бастамасышы – «Спецпоставка Абсолют» ЖШС, ЖСН 051140009543, ҚР, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, тел +7-771-765-6299.

Жоба әзірлеуші: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

ӘҢГІМЕ

# АЯЛДАМА



Көктем лебі біліне бастағанымен әлі де болса қала ішін суық ызғар кезгендей іші-бауырыңа өңмеңдей еніп, мұздатып жіберердей салқын. Бүрсең қаққан адамдар тоқтаған қоғамдық көлікке асыға мініп жатса, одан түскендері бірден жағаларын көтеріп, киімдеріп қымтап жатқаны. Автобус тоқтайтын аялдаманың сыры кеткен орындығында екі адам отыр. Жасы сексен шамасындағы қария аяқ астында жатқан шиша сынықтарын етігімен жанына қарай ысырып тастап, үнсіздікпен зуылдап өтіп жатқан көліктерге селқос қана көз тастайды. Сыртынан көрген жандар қаусап қалған жан емес қапсағай денелі ер адамды көрері анық. Жас кезінде иығына екі жігітті отырғызатын алып денелі адам болғаны көрініп тұр. Киімі ықшам көрінгенімен жылы, өзіне өте ыңғайлы. Бір сәт шулы көліктерге қараудан жалықты ма, жанында жақын отырған әйелге көз тастады. Шамасы отыз жастан асқан болу керек. Бірақ, өңі тым сынық. Көктемнің суық желінен қорғану үшін курткасының жағасын қолымен қымтап ұстап алған. Көздерінің асты көк түске боялған, сырқаттанып отырғандай кейіпте. Жанарында мұңнан гөрі өкініш көп байқалатын сияқты.

Қарияның сезімтал көңілі осы кезде кілт ете түскендей болды. Қаланың кең даңғылында басы мен аяғы жоқ, өкпелері гүрілдеген, сарылдаған, зырылдаған көліктерге қайта қарады.

Өмірімде осылай зулап өте шығыпты ғой... Қанша жасқа келдім өзі? Сексен, жетпіс... Қанша еді?.. Қапелімде есіне түсіре алсашы. Жастық шағын ойлағысы келді, балалық шаққа бойлағысы келді. Бірақ, олар тым алыс, тым шалғай, тым көмескі. Анасы, әкесі қандай еді. Дидарлары неге көз алдына келмейді? Түсініксіз.

Қайтадан жанындағы келіншекке еріксіз назар аударды. Автобус келетін жаққа бір қараған келіншек қабағын шыта қайта орнына келіп отырды. Осы кезде жас әйелдің бойында бар екенін байқалды. Жылы шырай танытып, тіпті сөзге тартқысы келді. Бірақ, өзі көңілсіз отырған жан қайтарып тастай ма деп батпай, қайтадан аяқ астында жатқан шиша қалдықтарын кері ысырып, жолда зулаған көліктерге қарап отырды. Ысылдап-пысылдан үлкен автобус келіп тоқтады. Ішінен екі-үш адам түсті де, өз жөнімен кете барды. Мінетін адам болмаса мен кеттім, дегендей алып көлік ышқына бір тартынды да жөнеп берді.

Адамдар да осылай екен-ау. Тура автобус сияқты. Біреулер өмір кемесіне мініп жатады, біреулер түсіп жатады. Әркім өз аялдамасынан мініп, өз аялдамасына жеткенде түсіп қалады. Белгіленіп берілген жерде жүреді, уақыты келгенде орнын өзгеге босатып, қол бұлғап қала береді.

Алмасқан аласапыран дүние...

Жанында отырған келіншек мінетін автобус емес екен бұл да. Қария, бұл жолы дауысын сәл қырнап алды да, келіншекке тік қарады. Ол да бұған қарап, сұрақ күткендей отыр екен.

-Қызым, айып етпессің, қанша ай болды? Уақытың келіп қалған жоқ па? Мына отырған жер де салқын. Суық тиіп қалмай ма?, - деп кібіртіктей сөз бастады қария.

-Жоқ, ештеңе етпейді, деп суық жауап берді келіншек.

-Отбасың, әке-шешең бар ма?

-Бар, әрине.

-Мм, дұрыс екен.

Біраз үзілістен кейін қасында отырған келіншек өзі сөз бастады.

-Әкем бар. Жасынан өте мәдениетті, елге сыйлы азамат болған. Бәрімізді бағып-қағып өсірді. Анам қайтқаннан кейін тым тұйықталып қалды, тіпті жан-жағына, біздерге назар аудармайтын болды. Бұрынғы, үнемі көңілді жүретін, жан-жағын күлкіге қарық қылатын, балаларын жанындай жақсы көретін, немерелері үшін жанын беруге даяр тұратын әкемді сағынам қазір.

-Сонда әкеңіз көшіп кетті ме?

-Жоқ, көшкен жоқ, жаны, ойы бізбен емес. Тым алыста. Оны өзі де білмейді. Кейде, тіпті жас бала сияқты болып қалғанын көргенде жанымды қоярға жер таппаймын, - деген келіншек жылап жіберді.

-Қой айналайын, жылама, - деп жұбатпақ болған қария қапелемде одан ары не айтарын білмей қалды.

-Менің де балаларым бар, мен де оларды...

Менің балаларым бар ма? Қайда олар? Мен неге мұнда отырмын? Менің әйелім қайда?

Бір сәт бар дүние зымырай айналып, ары-бері жүрген адамдар, жөңкілген көлік, айнала ағаштар дөңгеленіп кеткендей болды. Әне-міне құлап қалатындай болған, әлгі келіншек келіп қолынан сүйей берді.

-Папа, кеттік үйге. Жаурап қалдың. Қан қысымың түсіп кетті ғой. Үйге барайық.

Келіншек жүзіне аңтарыла қараған қария: «Папасы несі, не айтып тұрсың қарағым, қандай үй?».

Бірақ, қарсылық танытпады.

Зуылдаған көлік, қаланың шуы естіліп тұрған жоқ. Арттағы өмір, қазіргі беймәлім шақ, алдағы күндер. Суға жазылған сөздей. Ізі жоқ.

Үлкен автобустан адамдар түсіп жатты, бірі мініп кетіп барады.

Аялдама. Алмасқан аласапыран дүние...

**Жандос ОМАРОВ,**
**ҚР Журналистер одағының мүшесі**

БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН ҚОРҒАУ

# ОРТАҚ МІНДЕТ

**Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлінуі қажет. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес кәмелетке толмағандардың еңбегі қатаң реттеледі. Балаларды ауыр, зиянды және қауіпті жұмыстарға тартуға, сондай-ақ олардың денсаулығы мен дамуына кері әсер ететін қызмет түрлеріне жол берілмейді.**

**Әрбір жұмыс беруші мен ата-ана бала құқықтарының сақталуына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, олардың білім алуына, демалуына және жан-жақты дамуына жағдай жасау – ортақ міндет. Заң талаптарын сақтау арқылы өскелең ұрпақтың жарқын болашағын бірге қалыптастырайық!**

